

Өсімдік шаруашылығындағы міндетті сақтандыру шартының үлгі нысанын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 2015 жылғы 29 шілдедегі № 9-2/702 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 4 қыркүйекте № 12024 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2020 жылғы 20 қазандағы № 321 бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 20.10.2020 № 321 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

"Өсімдік шаруашылығындағы міндетті сақтандыру туралы" 2004 жылғы 10 наурыздағы Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабы 2-тармағының 12-1) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған өсімдік шаруашылығындағы міндетті сақтандыру шартының үлгі нысаны бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Инвестициялық саясат және қаржы құралдары департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін мерзімді баспа басылымдарында және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялануға жіберілуін;

3) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің интернет-ресурсында және мемлекеттік органдардың интранет-порталында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы

Ауыл шаруашылығы министрінің

міндетін атқарушы

С. Омаров

"КЕЛІСІЛГЕН"

Қазақстан Республикасының

Ішкі істер министрінің
міндетін атқарушы
_____ Р. Жақыпов

2015 жылғы 30 шілде
"КЕЛІСІЛГЕН"
Қазақстан Республикасының
Энергетика министрінің
міндетін атқарушы
_____ Ұ. Қарабалин

2015 жылғы 31 шілде

Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы министрінің
міндетін атқарушының
2015 жылғы 29 шілдедегі
№ 9-2/702 бұйрығымен
бекітілген

Өсімдік шаруашылығындағы міндетті сақтандыру шартының үлгі нысаны

_____ қаласы № ___ 20__ жылғы "___" _____ сериясы _____
Бірлесіп Тараптар, ал жеке Тарап деп аталатын, бұдан әрі "Сақтандырушы"
деп аталатын, _____ атынан _____ негізінде әрекет ететін
_____ бір тараптан және "Сақтанушы" деп аталатын, _____
атынан _____ негізінде әрекет ететін _____
_____ екінші тараптан Қазақстан Республикасының 1999
жылғы 1 шілдедегі Азаматтық кодексі (ерекше бөлім) және "Өсімдік
шаруашылығындағы міндетті сақтандыру туралы" Қазақстан Республикасы 2004
жылғы 10 наурыздағы Заңының (бұдан әрі - Заң) негізінде төмендегі туралы осы
Міндетті сақтандыру шартын (бұдан әрі - Шарт) жасасты:

1. Терминдер мен айқындамалар

1. Шартта мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:
 - 1) астықтан түсетін болжамды кіріс - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2007 жылғы 14 мамырдағы № 316 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерінің тізімінде № 4707 болып тіркелген) бекітілген Егістіктің жойылған алаңын анықтау әдістемесіне сәйкес комиссия айқындайтын кіріс;

2) бағалаушы (тәуелсіз сарапшы) - бағалау қызметін жүзеге асыруға лицензиясы бар жеке немесе заңды тұлға;

3) егістіктің толық жойылуы - одан әрі өсіруге және астық жинауға арналған шығындар астықтан түсетін болжамды кірістен асып түсетін, егістікке қолайсыз табиғат құбылысы әсерінің салдары;

4) егістіктің ішінара жойылуы - өсімдік шаруашылығы өнімдерінің түрін өндірудің бір гектарынан түсетін бағалау немесе нақты кірісі міндетті сақтандыру шартын жасау сәтінде белгіленген өсімдік шаруашылығы өнімдерінің түрін өндірудің бір гектарына арналған шығындар нормативінің мөлшерінен аз болатын егістікке қолайсыз табиғат құбылысы әсерінің салдары;

5) қолайсыз табиғат құбылысы фактісі бойынша тексеру актісі (бұдан әрі - тексеру актісі) - Заңның 5-бабы 2-тармағының 12-5) тармақшасымен белгіленген нысан бойынша қолайсыз табиғат құбылысының (құбылыстарының) әсері мен егістіктің ішінара немесе толық жойылуы арасындағы себеп-тергеулік байланысты растайтын құжат;

6) қолайсыз табиғат құбылысы - нәтижесінде өсімдік шаруашылығының өнімі жойылған немесе бүлінген табиғат құбылысы (ұзақ мерзімді - құрғақшылық, үсіп кету, жылудың жетіспеуі, топырақтың шамадан артық ылғалдануы, ауаның шамадан тыс ылғалдануы, су тасқыны, су тапшылығы, аңызақ; қысқа мерзімді - бұршақ соғу, нөсер жаңбыр, үсік шалу, қатты жел, сел);

7) өсімдік шаруашылығындағы міндетті сақтандыру объектісі - сақтандыру жағдайы басталған кезде Сақтанушының шығынын ішінара немесе толық өтеуге байланысты Сақтанушының мөлшері Заңға сәйкес белгіленетін мүліктік мүдделері;

8) өсімдік шаруашылығы - өсімдік шаруашылығы өнімін өндірумен айналысатын ауыл шаруашылығы өнімін өндірушілерді - жеке және заңды тұлғаларды қамтитын ауыл шаруашылығы саласы өндірістерінің кешені;

9) өсімдік шаруашылығының өнімі - ауыл шаруашылығы дақылдарын (дәнді, майлы дақылдар, қант қызылшасы, мақта) өңдеу процесінде алынған өнім;

10) пайда алушы - пайдасына шарт жасалған Сақтандырушы немесе өзге тұлға;

11) Сақтандырушы - Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын құруға рұқсат беру, сондай-ақ сақтандыру (қайта сақтандыру) қызметін және сақтандыру брокерінің қызметін жүзеге асыру құқығына лицензия беру ережесін бекіту туралы Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және Қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2007 жылғы 30 сәуірдегі № 122 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерінің тізімінде № 4731 болып тіркелген) сәйкес белгіленген тәртіппен өсімдік шаруашылығында міндетті сақтандыруды жүзеге асыру құқығына лицензия алған, сақтандыру жағдайы басталған кезде

Сақтанушыға немесе пайдасына шарт жасалған өзге адамға (пайда алушыға) шартта айқындалған сома (сақтандыру сомасы) шегінде сақтандыру төлемін жүргізуге міндетті заңды тұлға;

12) Сақтанушы - өсімдік шаруашылығы өнімін өндіру жөніндегі қызметті жүзеге асыратын және Сақтандырушымен міндетті сақтандыру шартын жасасқан адам;

13) сақтандыру сомасы - міндетті сақтандыру объектісі сақтандырылған және сақтандыру жағдайы басталған кезде осы шарт бойынша Сақтандырушы жауапкершілігінің шекті көлемін білдіретін ақша сомасы;

14) сақтандыру сыйлықақысы Сақтанушы міндетті сақтандыру шартында айқындалған мөлшерде Сақтандырушыға (пайда алушыға) сақтандыру төлемін жүргізу міндеттемелерін қабылдағаны үшін Сақтандырушы Сақтанушыға төлеуге міндетті ақша сомасы;

15) сақтандыру жағдайы - басталуына орай міндетті сақтандыру шарты сақтандыру төлемін жүзеге асыруды көздейтін оқиға.

2. Шарттың мәні

2. Осы Шарт бойынша сақтандыру жағдайы басталған кезде Сақтанушының мөлшері Заңға сәйкес айқындалатын шығынын ішінара немесе толық өтеуге байланысты Сақтанушының мүліктік мүдделерін Сақтандырушы сақтандыру қорғауымен қамтамасыз етеді.

3. Осы Шарттың әрекеті ауыл шаруашылығы мақсатына арналмаған жерлерде өсімдік шаруашылығының өнімдерін өсіру және өсімдік шаруашылығы өнімін сақтау жөніндегі қызметке қолданылмайды.

4. Сақтандырушы қолайсыз табиғат құбылысынан өзге себептер бойынша туындаған Сақтандырушының шығынын сақтандыру қорғауымен қамтамасыз етпейді.

3. Сақтандыру сомасының және сақтандыру сыйлықақысының мөлшері

5. Сақтандыру сомасының мөлшері Сақтанушы өсімдік шаруашылығының өнімдерін өсіру жөніндегі шығындарды жүзеге асыратын барлық алаңға көбейтілген, бір гектарға арналған шығындар нормативіне сәйкес өсімдік шаруашылығы өнімдерінің әрбір түрі бойынша белгіленеді.

6. Осы Шарт бойынша сақтандыру сомасы осы Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын қосымшаға сәйкес өсімдік шаруашылығындағы міндетті сақтандыру шарты бойынша сақтандыру сомасы мен сақтандыру сыйлықақысының есебі бойынша _____ (_____) теңге мөлшерінде белгіленеді.

7. Сақтандыру сомасының мөлшерінен тыс залалды және/немесе зиянды өтеуді Сақтанушы өз есебінен жүзеге асырады.

8. Осы Шарт бойынша сақтандыру сыйлықақысы _____ (_____) теңгені құрайды және осы Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын қосымшаға сәйкес мерзімде және тәртіппен айқындалады.

9. Сақтанушы Шартта белгіленген сақтандыру сыйлықақысын бір уақытта төлеу шарты бойынша оны төлемеген жағдайда міндетті сақтандыру шарты жасалмаған деп саналады.

10. Осы Шартта белгіленген сақтандыру сыйлықақысын бөліп төлеу шарты бойынша сақтандыру сыйлықақысының кезекті сомасы уақтылы төленбеген кезде Сақтанушы Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасында белгіленген тәртіппен және мөлшерде Сақтандырушыға тұрақсыздық айыбын төлейді.

11. Егер сақтандыру жағдайы кезекті сақтандыру сыйлықақысын төлегенге дейін не төлем уақыты өтіп кеткенде туындаса, Сақтандырушы сақтандыру төлемін азайта отырып, төленбеген сақтандыру сыйлықақысын есепке алуға құқылы.

4. Сақтандыру жағдайлары

12. Өсімдік шаруашылығындағы міндетті сақтандыру кезіндегі сақтандыру жағдайларына тексеру актісінде тіркелген қолайсыз табиғат құбылыстары немесе олардың жиынтығы нәтижесінде Сақтанушыға залал келтірілген өсімдік шаруашылығы өнімінің жойылуы немесе бүлінуі жатады.

13. Сақтандыру жағдайының басталғанын, сондай-ақ келтірілген залалды Сақтанушы айғақтайды.

5. Тараптардың құқықтары мен міндеттері

14. Сақтандырушы:

1) сақтандыру жағдайы басталған кезде Сақтанушымен және бағалаушымен (тәуелсіз сарапшымен) бірлесіп, қолайсыз табиғат құбылысының әсеріне ұшыраған өсімдік шаруашылығы өнімінің нақты және (немесе) бағалау кірісін айқындау жөнінде жұмыс жүргізуге;

2) құзыретті ұйымдардан сақтандыру жағдайының басталу фактісін растайтын құжаттарды сұратуға;

3) сақтандыру жағдайының басталуы нәтижесінде сақтандыру төлемінің мөлшерін анықтау үшін қатыстырылған жағдайда бағалаушының (тәуелсіз сарапшының) есеп-қисаптарын пайдалануға;

4) бағалау кірісін дербес немесе бағалаушыны (тәуелсіз сарапшыны) қатыстыра отырып айқындауға;

5) Сақтанушы міндетті сақтандыру шартын жасасудың Заңның 17-бабының 3-тармағында көзделген мерзімін бұзған жағдайда, бұл шартты жасасудан бас тартуға құқылы.

15. Сақтандырушы:

1) Сақтанушыны өсімдік шаруашылығындағы міндетті сақтандыру қағидасымен таныстыруға;

2) сақтандыру құпиясын қамтамасыз етуге;

3) қолайсыз табиғат құбылысы басталған кезде қолайсыз табиғат құбылыстарының әсеріне ұшыраған алаңдарды айқындау жөнінде тексеру жүргізу үшін Сақтанушының өтініші бойынша ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органы құрған комиссияның құрамына өз өкілін жіберуге;

4) соның салдарынан Сақтанушы шығынға ұшыраған сақтандыру жағдайы басталған кезде Сақтанушы өндіретін өсімдік шаруашылығы өнімдерінің түрлері бойынша Заңда және осы Шартта белгіленген мөлшерде, тәртіппен және мерзімде сақтандыру төлемін жүргізуге;

5) өзі тартатын бағалаушының (тәуелсіз сарапшының) қызметтеріне ақы төлеуге міндетті.

16. Сондай-ақ Сақтандырушының Қазақстан Республикасының заңнамалық кесімдерінде және осы Шартта көзделген өзге де құқықтары мен міндеттері бар.

17. Сақтандырушының ауыл шаруашылығы дақылдарын өсірудің агротехнологиясын сақтау жөнінде талаптар қоюға құқығы жоқ.

18. Сақтанушы:

1) осы Шартта белгіленген мерзімде сақтандыру төлемін алуға;

2) Сақтандырушыдан міндетті сақтандыру талаптарын, осы Шарт бойынша өз құқықтары мен міндеттерін түсіндіруді талап етуге;

3) келтірілген залал туралы жүргізілген бағалаудың нәтижелерімен танысуға;

4) Қазақстан Республикасының заңнамасында және осы Шартта көзделген тәртіппен Сақтандырушының сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тарту немесе оның мөлшерін азайту туралы шешімі бойынша дауласуға;

5) қолайсыз табиғат құбылысына ұшыраған егістік алаңында өсірілген өсімдік шаруашылығы өнімінің әрбір түрінен алынған нақты немесе бағалау кірісін бағалау нәтижесімен келіспеген жағдайда сотқа жүгінуге;

6) Шарт жасасу кезінде сақтандыру сомасын есептеу үшін шығындар нормативтерінің бір түрін таңдауға құқылы.

19. Сақтанушы:

1) әрбір жеке ауыспалы егіс даласында өзінің мүліктік мүдделерін сақтандыруға;

2) Шартта белгіленген мөлшерде, тәртіппен және мерзімде сақтандыру сыйлықақысын төлеуге;

3) сақтандыру жағдайынан келтірілген залалды азайтуға шаралар қабылдауға;

4) дереу, бірақ сақтандыру жағдайының басталуына алып келуі мүмкін қолайсыз табиғат құбылысының болу фактісі туралы өзіне мәлім болғаннан кейін бес жұмыс күнінен кешіктірмей бұл туралы Сақтандырушыны қол жетімді тәсілмен (ауызша, жазбаша) хабарландыруға. Ауызша нысандағы хабарлама кейіннен (жетпіс екі сағат ішінде) жазбаша расталуға тиіс. Егер Сақтанушының көрсетілген іс-қимылды дәлелді себептермен орындауға мүмкіндігі болмаса, ол мұны құжат түрінде растауға тиіс;

5) ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органның қолайсыз табиғат құбылысының әсеріне ұшыраған егістік алқаптарының көлемін айқындау үшін комиссия құру туралы өтініш беруге:

қысқа мерзімді құбылыс кезінде - оның басталған күнінен бастап үш жұмыс күні ішінде;

ұзақ мерзімді құбылыс кезінде - гидрометеорологиялық қызмет органының және (немесе) азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті органның қолайсыз табиғат құбылысы фактісін растайтын анықтамасы болған кезде егістікке оның әсер етуі анықталғаннан кейін он жұмыс күні ішінде;

6) Сақтандырушыға сақтандыру мәніне қатысты жасалған немесе жасалатын барлық сақтандыру шарттары туралы хабарлауға;

7) Сақтандырушының және бағалаушының (тәуелсіз сарапшының) өкілдеріне қолайсыз табиғат құбылысы болған аумақты қарау үшін жағдай жасауға, жинау жұмыстары аяқталғанға дейін олардың егістіктер мен көшеттердің жай-күйін бақылауына кедергі келтірмеуге;

8) Сақтандырушыға сақтандыру төлемін алу үшін қажетті барлық құжаттарды ұсынуға міндетті.

20. Сақтанушының Қазақстан Республикасының заңнамалық кесімдерінде және осы Шартта көзделген өзге де құқықтары мен міндеттері бар.

6. Сақтандыру төлемінің мөлшерін айқындау және оны жүзеге асыру тәртібі

21. Сақтандыру төлемінің мөлшерін анықтау Заңға және осы Шартқа сәйкес жүргізіледі:

1) егістер ішінара жойылған жағдайда, қолайсыз табиғат құбылысының әсеріне ұшыраған алқаптардан жиналған өнімнің көлемі өнімді жинау кезінде міндетті түрде бағалануға тиіс.

Бұл ретте кіріс мынадай тәртіппен есептеледі:

егер алынған өнім сатылса, нақтылы кіріс арқылы, яғни оны алуға қолайсыз табиғат құбылыстары әсер еткен, өсімдік шаруашылығы өнімі түрінің барлық көлемі сатылғаннан кейін есептеліп шығарылатындай болуы мүмкін;

егер алынған өнім сатылмаса, Кіріс бағаланатындай, яғни оны алуға қолайсыз табиғат құбылыстары әсер еткен, өнім жиналғаннан кейін және өсімдік шаруашылығы өнімі түрінің барлық көлемі сатылғанға дейін есептеліп шығарылатындай болуы мүмкін. Бағалау кірісін Сақтандырушының немесе оның өкілінің өтініші бойынша Сақтанушы айқындайды. Келісімге келмеген жағдайда бағалау кірісін бағалаушы (тәуелсіз сарапшы) айқындайды. Тараптар бағалау нәтижелерімен келіспеген жағдайда, өзгеше дәлелдеуге құқылы;

егер алынған өнім ішінара сатылса, осы тармақшаның екінші абзацына сәйкес , ал өнімнің сатылмаған бөлігіне кіріс осы тармақшаның үшінші абзацына сәйкес есептеледі.

Залал көлемі міндетті сақтандыру шартын жасасу кезінде белгіленген өсімдік шаруашылығы өнімінің түрін өндірудің бір гектарына жұмсалған шығындар нормативінің мөлшері мен қолайсыз табиғат құбылыстарының әсеріне ұшыраған алқапта өсімдік шаруашылығы өнімінің түрін өндірудің бір гектарынан алынған, қолайсыз табиғат құбылыстары әсер еткен өнімнің осы түрін өндіру алқабына көбейтілген кіріс арасындағы оң айырмашылық ретінде белгіленеді.

Өсімдік шаруашылығының өнімі ішінара ысырап болған жағдайда сақтандыру төлемі өнім жинау аяқталған күннен бастап кемінде бір айдан соң, бірақ үш айдан кешіктірілмей жүзеге асырылады;

2) егістер толық жойылған жағдайда, залал көлемі табиғат құбылысы әсер еткен өнімнің осы түрін өндіру алқабына көбейтілген, өсімдік шаруашылығындағы міндетті сақтандыру шартын жасасу кезінде белгіленген өсімдік шаруашылығы өнімінің түрін өндірудің бір гектарына жұмсалған шығындар нормативінің мөлшері ретінде белгіленеді.

22. Сақтанушы сақтандыру төлемі туралы талапты Сақтандырушыға мынадай құжаттармен қоса сақтандыру төлемін жүзеге асыру туралы өтініш түрінде жазбаша нысанда береді:

міндетті сақтандыру шартының көшірмесі;

егістіктің орналасу картасының (схемасының) көшірмесі;

"Гидрометеорология қызметі органының және (немесе) азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті органның қолайсыз табиғат құбылысы фактісін растайтын анықтамасының үлгі нысанын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл

шаруашылығы министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 27 ақпандағы № 9-2/156 (Нормативтік құқықтық актілерінің тізімінде № 11178 болып тіркелген) бұйрығымен бекітілген қолайсыз табиғат құбылысы фактісін растайтын анықтамасы;

Сақтанушының ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органына қолайсыз құбылыстың әсеріне ұшыраған алқаптарының көлемін айқындау жөніндегі комиссия құру туралы өтінішінің осы өтініштің қабылданғаны туралы белгісі бар көшірмесі;

сондай-ақ егістік ішінара жойылған жағдайда Сақтандырушы кірістің алынғанын растайтын құжаттарды ұсынады, атап айтқанда:

өсімдік шаруашылығы өнімін сатып алу-сату шарттарының көшірмелері;

шот-фактуралардың көшірмелері, тауар-көлік жүк қағазы;

Сақтанушының немесе тәуелсіз сарапшының кірісін бағалау актісі.

23. Құжаттарды қабылдаған Сақтандырушы құжаттардың толық тізбесі мен олардың қабылданған күні көрсетілген анықтаманы екі данада жасауға міндетті. Анықтаманың бір данасы өтініш берушіге беріледі, өтініш берушінің алу туралы белгісі бар екінші данасы Сақтандырушыда қалады.

24. Сақтанушы шарттың 22-тармағында көзделген құжаттарды бермеген кезде Сақтандырушы шұғыл, бірақ үш жұмыс күнінен кешіктірмей, Сақтанушыны жетпейтін құжаттар туралы жазбаша түрде хабардар етеді.

25. Егістік толық жойылған жағдайда Сақтандырушы бағалау кірісін айқындауды жүргізбейді.

26. Егістер толық жойылған жағдайда, Сақтандырушы осы Шарттың 22-тармағында көзделген құжаттарды Сақтандырушы алған кезден бастап он жұмыс күні ішінде Сақтанушыға толық көлемде сақтандыру төлемдерін жүзеге асыруға міндетті.

27. Егер сақтандыру жағдайы осы Шарттың қолданылу мерзімі ішінде болса, сақтандыру төлемі жүргізіледі.

28. _____ Шарт бойынша пайда алушы болып табылады. Пайда алушының деректемелерін Сақтанушы сақтандыру төлемін жүзеге асыру туралы өтініште көрсетеді.

29. Осы Шарт бойынша сақтандыру сомасы толық төленген кезде осы Шарттың қолданылуы тоқтатылады.

30. Сақтандыру төлемінен бас тарту туралы шешімді Сақтандырушы қабылдайды және Сақтанушыға осы Шарттың 22-тармағында көрсетілген барлық құжаттар ұсынылған күннен бастап жеті күнтізбелік күн ішінде бас тарту себептерінің уәждеделген негіздемесімен бірге жазбаша нысанда хабарланады.

7. Сақтандырушыны сақтандыру төлемін жүзеге асырудан босату

31. Егер сақтандыру жағдайы:

1) қажетті қорғаныс және аса қажеттілік жағдайында жасалған іс-әрекеттерді қоспағанда, Сақтанушының сақтандыру жағдайының басталуына бағытталған не оның басталуына ықпал ететін қасақана іс-әрекеті;

2) Сақтанушының Қазақстан Республикасының заңнамалық кесімдерінде белгіленген тәртіппен сақтандыру жағдайымен себептік байланыстағы қасақана қылмыс немесе әкімшілік құқық бұзушылықтар деп танылған іс-әрекеті салдарынан болса, Сақтандырушы сақтандыру төлемін толық немесе ішінара төлеуден бас тартуға құқылы.

32. Сақтандырушының сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тартуы үшін , сондай-ақ мыналар да негіздеме болуы мүмкін:

1) Сақтанушының Сақтандырушыға сақтандыру объектісі, сақтандыру тәуекелі, сақтандыру жағдайы және оның салдары туралы көрінеу жалған мәліметтерді хабарлауы;

2) Сақтанушының сақтандыру жағдайынан келтірілген залалды азайту жөніндегі шараларды қасақана қабылдамауы;

3) Сақтанушының Сақтандырушыға сақтандыру жағдайы басталуының мән-жайларын тексеруге және оған келтірілген залалдың мөлшерін белгілеуге кедергі жасауы;

4) егер Сақтандырушы сақтандыру жағдайының басталғаны туралы уақтылы білгені не Сақтандырушыда бұл туралы мәліметтердің болмауы оның сақтандыру төлемін жүзеге асыру міндетіне әсер етпегені дәлелденбесе, Сақтандырушыға сақтандыру жағдайының басталғаны туралы хабарланбауы;

5) осы Шарттың 19-тармағының 5) тармақшасында белгіленген мерзімді бұза отырып, қолайсыз табиғат құбылысының әсеріне ұшыраған алаңдардың мөлшерін айқындау жөнінде комиссия құру туралы жергілікті атқарушы органға өтініш беру;

6) Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасында көзделген басқа да жағдайлар.

8. Форс-мажорлық жағдайлар

33. Егер дүлей апаттарды, әскери іс-қимылды, ядролық жарылыстың әсерін, көтерілістерді, халықтық толқуларды, сондай-ақ Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының құқықтық кесімдерінде көзделген тыйым салу шараларын қоса алғанда, еңсерілмейтін күш салдарынан тиісті орындау мүмкін болмаса, егер осы мән-жайлар Тараптардың осы Шарт бойынша өз

міндеттемелерін орындауына тікелей әсер етсе, Тараптар осы Шарт бойынша міндеттемелерін ішінара немесе толық орындамағаны үшін жауапкершіліктен босатылады.

34. Еңсерілмейтін күш мән-жайлары салдарынан осы Шарт бойынша міндеттемелерін орындаудың мүмкіндігі болмаған Тарап олар туындаған сәттен бастап 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірмей екінші Тарапты бұл туралы жазбаша хабардар етуге және тиісті айғақтар ұсынуға міндетті.

35. 31-тармақта көрсетілген мән-жайларды құзыретті мемлекеттік органдар мен ұйымдар растауға тиіс.

36. Тиісінше хабарламау Тарапты осы Шарт бойынша міндеттемелерін орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін жауапкершіліктен босататын негіздеме ретінде жоғарыда көрсетілген кез келген мән-жайға сүйену құқығынан айырады.

37. Егер еңсерілмейтін күш мән-жайлары бір айдан астам жалғасатын болса, Тараптардың кез келгені осы Шартты бір жақты тәртіппен бұзуға құқығы бар.

9. Сақтандыру шартының қолданылу мерзімі және орны

38. Осы Шарт Сақтанушы сақтандыру сыйлықақысын төлеген сәттен бастап күшіне енеді және Тараптар үшін міндетті болады әрі 20__ жылғы "__" _____ дейін қолданылады.

39. Егер заңнамалық кесімдерде өзгеше көзделмесе, сақтандыру сыйлықақысы осы Шартта көзделгендей бөліп төленген жағдайда, Шарт бірінші сақтандыру жарнасы түскен сәттен бастап күшіне енеді.

40. Сақтандыру қорғауының қолданылу кезеңі Шарттың қолдану мерзімімен сәйкес келеді.

41. Осы Шартқа сәйкес Шарттың қолданылу орны Қазақстан Республикасының аумағы болып табылады.

10. Сақтандыру шартын тоқтату негіздері

42. Осы Шарттың қолданылуы мынадай:

- 1) осы Шарттың қолдану мерзімі аяқталған;
- 2) Шарттың қолдану мерзімі ішінде орын алған барлық сақтандыру жағдайлары бойынша сақтандыру төлемі жүзеге асырылған жағдайларда тоқтатылады.

43. Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде белгіленген жағдайларда Шарт мерзімінен бұрын бұзылуы мүмкін.

11. Тараптардың жауапкершілігі

44. Тараптар өздерінің осы Шарт бойынша қабылданған міндеттемелерін орындамаған не тиісінше орындамаған жағдайда Тараптарға Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында белгіленген жауапкершілік жүктеледі.

12. Шарт талаптарына өзгерістер енгізу тәртібі

45. Шарт талаптарына өзгерістер енгізуге осы Шарт Тараптарының бұл туралы жазбаша келісімге қол қоюы жолымен ғана рұқсат етіледі.

13. Дауларды шешу тәртібі

46. Өсімдік шаруашылығындағы міндетті сақтандыру жөніндегі қатынастардан туындайтын даулар Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен қаралады.

14. Қосымша талаптар

47. Осы Шартқа қосымша, өзгерістер мен толықтырулар оның ажырамас бөлігі болып табылады және егер олар жазбаша нысанда жасалған әрі оларға екі Тарап қол қойған жағдайда ғана олардың заңды күші болады.

48. Тараптардың ешқайсысының осы Шарттың талаптарынан туындайтын өз құқықтары мен міндеттерін бұған екінші тараптың жазбаша келісімінсіз үшінші тарапқа беруге құқығы жоқ.

49. Осы Шарттың талаптарымен көзделмеген қалған өзара қатынастар Қазақстан Республикасының Азаматтық заңнамасымен реттеледі.

50. Шарт Тараптардың әрқайсысы үшін бір данадан, әрқайсысының бірдей заңды күші бар екі данада жасалды.

15. Тараптардың деректемелері

"САҚТАНДЫРУШЫ" "САҚТАНУШЫ"

Атауы: _____ Атауы: _____

Мекенжайы: _____ Мекенжайы: _____

БСН _____ БСН _____

ЖСК _____ ЖСК _____

БСК _____ БСК _____

Экономика секторының коды Экономика секторының коды

(Т.А.Ә., қолы) (Т.А.Ә., қолы)

Мөр орны Мөр орны (заңды тұлғалар үшін)

Өсімдік шаруашылығындағы
міндетті сақтандыру шартының
үлгі нысанына қосымша

20 _____ жылғы " _____ " _____ облысы _____ ауданының
_____ табиғи-климаттық аймағы бойынша _____
_____ жасалған № _____ (ауыл шаруашылығы тауар
өндірушісінің атауы) өсімдік шаруашылығындағы міндетті
сақтандыру шарты бойынша сақтандыру сомасы мен сақтандыру
сыйлықақысының есебі

Егістіктерді орналастыру карта-схемасына сәйкес егістік нөмірі	Жалпы алаңы, (гектар)	Бос алаң, га (егілмеген, оның ішінде парлар)	Нақты егілген алаң, (гектар)		Өсімдік шаруашылығы өнімнің түрлері	1 гектарға арналған норматив шығыны		Сақтандыру сомасы (теңге)	Сақтандыру тарифі (%)	Сақтау сыйлы
			барлығы	түрлері бойынша		түрі	теңге			

Шығындар нормативінің түрлерінің бірі бойынша:

- 1) ғылыми негізделген агротехнология;
- 2) оңайлатылған агротехнология;
- 3) шығындардың үш түрі бойынша: жанар-жағар май материалдары; тұқым; жалақы арқылы.

Сақтандыру сыйлықақысын бір жолғы төлеу осы Шартқа қол қойылған сәттен бастап _____ банктік күннен кешіктірмей жүргізіледі.

Сақтандыру сыйлықақысын бөліп төлеу мынадай мерзімде жүргізіледі:

1-жарна _____ осы Шартқа қол қойылған күннен бастап _____ күн ішінде _____ (_____) теңге мөлшерінде сақтандыру сыйлықақысының _____ %-ы;

2-жарна _____ 20 _____ жылғы " _____ " _____ дейін _____ (_____) теңге мөлшерінде сақтандыру сыйлықақысының _____ %-ы.

Сақтандырушы _____ Сақтанушы _____
(қолы, мөрі) (қолы, мөрі (заңды тұлғалар үшін))